

## **Кинологиялық қызметті жетілдіру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 25 наурыз N 135

1. Қазақстанның Кинологтар одағының Қазақстан Республикасындағы кинологиялық қызметті жетілдіру мен реттеу туралы ұсынысы қабылдансын.
2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жер қатынастар және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі Қазақстан Кинологтар одағына ауданы 50 шаршы метр үй-жай және жаттықтыру алаңы мен ит серуендету үшін ауданы 2 га жер участесін бөлу мүмкіндігін қарастырын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Кинологтар одағын телефон байланысымен толық көлемде қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны құзету жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Кеден комитеті, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Кинологтар одағымен бірлесіп асыл тұқымды құшіктерді өсіру мен жаттықтыру питомнігін, ветеринарлық сауықтыру орны мен жаттықтыру алаңын құру үшін өзара тиімді негізде материалдық ресурстары мен қаржы қаражаттарын біріктірсін.

5. Қазақстан Кинологтар одағының:

Қазақстан иттерінің Бірыңғай Асыл тұқымдылары Кітабын жүргізу, асыл текті иттерге тегі туралы құжаттарын ресімдеу мен беру;

Қазақстан кинологиясының мұддесін Халықаралық Кинология Федерациясы мен шет елдерде білдіру жөніндегі қызметті жүзеге асыру туралы ұсынысына келісім берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Кинологтар одағының, мұдделі министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің келісуімен Қазақстан Республикасының кинологиялық қызметі жөнінде сараптау комиссиясын құрын, осы комиссия туралы ережені әзірлең, бекітсін.

7. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Кинологтар одағы мен оның жергілікті жерлердегі құрылымдық бөлімшелеріне облыстық ішкі істер басқармалары жанынан кинологиялық қызмет жөніндегі сараптау комиссиясын құруға, ит ұстаушылар клубтарының, кинология қоғамдарының, питомниктердің, ветеринарлық емдеу орындарының, ит серуендететін орындар мен жаттықтыру алаңдарының жұмысын ұйымдастыру үшін үй-жайлар, ғимараттар, жер участеклерін бөлуге, жайластыруға және жарактандыруға жәрдем көрсетсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК